



АРМИН ВАМБЕРИ
ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ МАЖАР ҒАЛЫМЫ

ÁRMIN VÁMBÉRY
A HUNGARIAN SCHOLAR
OF THE TURKIC WORLD





АРМИН ВАМБЕРИ

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ
МАЖАР ҒАЛЫМЫ

ÁRMIN VÁMBÉRY

A HUNGARIAN SCHOLAR
OF THE TURKIC WORLD

АРМИН ВАМБЕРИ

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ
МАЖАР ҒАЛЫМЫ

ÁRMİN VÁMBÉRY

A HUNGARIAN SCHOLAR
OF THE TURKIC WORLD

АРМИН ВАМБЕРИ (1832-1913)

Армин Вамбери мажар шығыстану ғылымының ерекше тұлғасы, сегіз қырлы бір сырлы адам. Өмірі үмітсіз кедейліктен басталып, кейін келе патшалардың құрметті қонағы болған. Орта мектепті бітіруге мүмкіншілігі болмаған. Соған қарамастан университеттің профессоры атағы берілген. Бала кезінде науқастанып ақсақ болып қалса да, Еуропалықтар баспаған алыс жерлерді бағындырған.

1857 жылы Ыстамбұлда ұзақ уақыт оқып жүріп осман-түрік тілін толық меңгеріп алған. Сол кезде түрік қоғамының салт-дәстүрін де жетік біліп, Осман Империясының лауазымды тұлғаларымен араласқан. 1848-49 жылғы мажар бостандық күресінің әсерінен мажарлардың келіп шығу тарихын зерттей бастаған. Бұл ұлттық намыстан ояңған шабыт, Ыстамбұлдағы сапары кезінде түркі тектес тілдерді зерттеу мақсатына айналған. 1861 жылы – Ғылым Академиясының хатшы мүшесі болған кезінде – Еуропалықтар үшін беймәлім және қауіпті болып саналған Орта Азияға жол тартқан.

Дәруіш болып жасырынып өткен сапары – оның атақ-даңқын асырып, әрі қарайғы мансабының жолын ашқан. Лингвистикамен қатар этнография, география ғылымдарымен айналысқан. Мажар Ғылым Академиясы Шығыс Жинағы Кітапханасы тарапынан ұйымдастырылған осы көрме арқылы саяхатшы, академик-профессор, Мажар География Қауымдастығының негізін салушы Армин Вамбери еске аламыз. Осы тұрғыда оның кітап жинаушы ретінде кітапханамыздағы кітап қорын байытқанына және түркі-парсы қолжазбалары жинақтарына ерекше назар аударғмыз келеді.



Армин Вамбери 1870 жылдың шамасында
Мажар Ғылымдар Академиясы
Кітапханасы Шығыс Жинағы

Ármin Vámbéry around 1870
LHAS, Oriental Collection,
D. 2960



Армин Вамберидің
ательеде костюм
киген суреті, Лондон,
1868 шамасы
Роберт Вамберидің мұрасы

Ármin Vámbéry's atelier
photo in costume,
London, around 1868
Robert Vambery bequest

ÁRMIN VÁMBÉRY (1832-1913)

Ármin Vámbéry was a many-sided Hungarian Orientalist, who had an unparalleled career. He started from hopeless poverty and became an honoured guest of rulers. He could not afford to collect his matriculation certificate and still became a university professor. He was limping due to an infantile disorder, still reached remote lands barely seen by Europeans before him. In 1857, during his long study-tour in Istanbul, he thoroughly familiarized himself with the language and social customs of the Turks and established important connections with several people from the *élite* of the Ottoman Empire. His experiences of the 1848-49 Hungarian War of Independence aroused his interest in studying the origins of the Hungarian people. This romantic intention, heated by patriotic ardour, had been refined, during his sojourn in Istanbul, and was replaced by linguistic studies. In 1861 he departed – already as a Member of the Hungarian Academy of Sciences and with its support – towards Central Asia almost unknown by, and at the same time dangerous for Europeans.

His much-celebrated journey, carried out in the disguise of a dervish, led not only to linguistic, but also ethnographic and geographic results, and became the starting point of his further career. This exhibition by the Oriental Collection of the Library of the Hungarian Academy of Sciences, while commemorating the explorer, academician, university professor, founding member of the Hungarian Geographical Society, focuses on the bibliophile collector, the benefactor of the Library, one of the founders of the Turkish and Persian manuscript collections.



Сентдѳрдь (Святы Юр) биіктен қарағанда
Мажар Ұлттық Мұражайы, Тарихи Суреттер Галереясы

Bird's eye view of Szentgyörgy
Hungarian National Museum, Historical Picture Gallery, T. 8888

ТІКЕНДЕР, ОҚШАУЛАНУ ЖӘНЕ ТҮРЛІ АЗАПТАР

Армин Вамбери Оңтүстік Германиядағы еврей отбасынан шыққан және Солтүстік Мажарстанның Сентдѳрдь (қазіргі Святы-Юр, Словакия) қаласында дүниеге келген. Туған кезде құжат алмағандықтан туған күнін өзі 1832 жылдың 19-шы наурызы деп болжаған. Тегі Бавариянның Бамберг қаласынан шыққандықтан Вамбергер болатын, кейін Мажарстанда Вамбери болып өзгертілген.

Дініне берік талмудист еврей (діни ғалым) әкесі 1931-32 жж. тырысқақ ауруынан қайтыс болған. Отбасы жоқшылықта өмір сүрген. Бала Армин үш жасында сол аяғына ақсап қалып тағдырдың тауқыметін көрген. Шешесі қайтадан тұрмысқа шығып, жаңа отбасымен Дунасердахейге (қазіргі Дунайска Стреда, Словакия) көшкенімен, олардың мүшкіл жағдайы өзгермеген. Армин Вамбери Сердахейдегі еврей мектебінде жақсы оқыған соң, шешесі оны христиан (протестант) мектебіне жаздырған, сондықтан ол уақыт өте келе еврей дінінен алыстай бастаған. Ары қарай Сентдѳр және Пожонь (қазіргі Братислава) қалаларындағы католик гимназияларында оқуын жалғастырған. Либералдық орта үшін соңғы 6-сыныпта Пожоньдағы протестант лицейіне ауысып, бірақ мектептегі қарыздары үшін соңғы емтихандарын тапсыра алмай қалған. Кейінірек ол осы кезеңдегі «жеңіл-ойлылығы» және «немқұрайлығы» үшін қатты өкінген.

THORNS, PRIVATION, AND MISERY

Ármin Vámbéry was born in Hungary to a Jewish family stemming from South Germany, in the Upper Hungarian Szentgyörgy (Svätý Jur). Being unregistered, later he himself put his date of birth to 19 March 1832. The family bore the name Wamberger, whose Hungarianized form is Vámbéry.

His father, a deeply religious Talmudist, died in the cholera epidemic of 1831–1832. The family lived in great poverty and the sufferings of the small Ármin were made even worse by becoming lame in the left foot at the age of three. His mother married again and the family moved to Dunaszerdahely (Dunajská Streda). This, however, did not make their miserable conditions much better. Vámbéry was an eminent student in the Jewish school of Dunaszerdahely. Later his mother transferred him to the Protestant primary school, where the child became gradually alienated from the orthodox Jewish traditions. He continued his studies in the Piarist Secondary School in Szentgyörgy, then in the Benedictine School in Pozsony (Bratislava). For the sixth, last high-school year he enrolled in the Lutheran Lyceum in Pozsony because of its more liberal atmosphere, but he could not claim his termination certificate because of some unsettled debts toward his school. Much later, he blamed himself for this “egregious folly” and “sinful negligence”.

Дунасердахей (Дунайска Стреда), Вамбери көшесі, 1920 шамасы
Бенедек Чаплар Мұрағаты, Дунасердахей қаласының пошталық ашық хат коллекциясы, 32.t

Dunaszerdahely (Dunajská Streda), Vámbéry Street, around 1920
Benedek Csaplár Data Collection, Collection of Dunaszerdahely postcards, 32t.



Жұмыс істеп жүріп, үздік оқыған. Он жасында шешесінің ұсынысымен бір еврей тігіншінің қызметшісі болып жұмысқа атарған. Сонымен қатар ол тігіншінің баласына иврит тілін үйреткен. Жарты жыл Чаллокөзньек (қазір Некие, Словакия) ауылында шарапхана иесіне жеке оқытушы болған. Содан кейін біраз жыл бойы жеке оқытушылықпен айналысып күнін көрген.


1848 жылы Пожонь қаласында өткен азаттық көтеріліс, жас Вамбериге қатты әсер еткен. 1849 жылы Орыс патшасының әскерлері көтерілісті басқандықтан, бостандық соғысы жүрегіне патриоттық намыс орнатқан.

ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕНЕМІЗ

Вамбери жас кезінде оқытушылық ісімен қатар бірнеше тілді меңгеруге тырысқан. Балалық шағы көп тілді ортада өткен соң неміс, мажар, словак тілдерін, мектепте иврит, латын, грек тілдерін үйренген. Орта мектептен бастап басқа Еуропалық тілдерді де меңгеріп алған.

22 жастағы Армин Вамберидің газетте шыққан суреті. 1854 жылы Кечкемет қаласында түсірілген Рүстем Вамберидің мұрасы

Armin Vámbéry at the age of 22. Photograph made in Kecskemét, 1854, with a clipping Rusztem Vámbéry bequest



Ференц Толди да қол қойған Йозеф Өтвөштiң Вамбериге жазған ұсыныс хаты
Мажар Ғылымдар Академиясы
Кітапханасы Шығыс Жинағы

Letter of recommendation written by József Eötvös and countersigned by Ferenc Toldy
LHAS, Oriental Collection, 707.887



Пешт қаласындағы Орци кафесі
Эрвин Сабо атындағы Астаналық Кітапхана, Будапешт Жинағы, 021267

Coffeehouse Orczy in Pest
Metropolitan Ervin Szabó Library, Budapest Collection, 021267

All this happened in spite of the fact that he achieved excellent school grades while supporting himself with odd jobs after school. At the tender age of ten, his mother put him as an apprentice to a tailor, where he also taught Hebrew to the tailor's son. For many years he had to work to make ends meet, mostly as a private tutor.

The revolutionary events of 1848 found him in Pozsony (Bratislava) and the sight of the Tsarist troops marching in the city deeply affected the young Vámbéry and planted in him his patriotism.

BY TEACHING WE LEARN

Apart from teaching in order to support himself, the young Vámbéry spent most of his time to master several languages, usually by self-instruction. From the multi-language environment of his childhood, he brought the knowledge of Hungarian, Slovak and German; in school, he learned Hebrew, Latin, and Ancient Greek, then in the secondary school, he also acquired several European languages.

Between 1851 and 1857 he found his private tutorship assignments for different parts of the country in the „Orczy Café” in Pest, which also functioned as a teacher market. During his teaching activities he found opportunity to start learning Turkish parallel with the continuous practicing

1851 жылдан бері алты жыл Мажарстанның түрлі аймақтарына жолдамалар алған (оқытушылық жолдамаларын Бұдапешттегі Орци кафесінде таратқан болатын). Хорватиядағы Кутево қаласында мұғалім болып әлауқатты өмір сүрген кезде Еуропа тілдерімен қатар осман-түрік тілін де үйренуге мүмкіндік тапқан. Көп тілді үйренгеннен кейін өзінің біліміне сенім артып, мемлекеттік жұмысқа орналасуға Венаға қарай бет алған. Керекті кепілдемесі (рекомендациясы) жоқ болуына байланысты Империяның астанасында ойы іске аспай қалған. Бірақ Венадағы жұмыс іздеу кейінгі өмір жолына әсер еткен, өйткені осман-түрік тарих және әдебиетінің маманы Йозеф фон Гаммер-Пургшталлмен танысып, ол кісі Вамбериді түріктану бойынша білімін тереңдетуге үндеген.

Пешт қаласына қайтарда, Ғылым Академиясының алғаш төрағасы, Академияның кітапханасының да негіз салған Йожеф Телекимен кездескен. Кечкемет қаласында бір жыл жеке оқытушы болып жүрген кезде шығыстану білімін тереңдеткен. Сол жерде арабша үйренуі түрік тілін меңгеруге де көмектескен. Оқытушылықпен қатар (Монорға жақтағы Чевпуста және Потхарастпуста ауылдары) шығыс тілдерін үйренуді жалғастырып, парсы тілінің әдебиетімен де танысқан. Оқытушылықпен соңғы рет Веспрем аймағындағы Четень ауылында айналысқан.

БІР АМАЛЫН ТАБУ КЕРЕК

Барон Йожеф Өтвөш және Ғылымдар Академиясының қолдауымен Вамбери көптен бері армандап жүрген шығыстағы зерттеу сапарын 1857 жылы іске асырған. Ол Ыстамбұлға кемемен жеткен. Осман



Даниел Силади мен Армин Вамбери
1857 жылы түсірілген фотосуреттің негізінде

Dániel Szilágyi and Ármín Vámbéry
Based on a photo made around 1857

of European languages. The wide range of languages that he commanded boosted his self-confidence and he headed for Vienna in search of a governmental position. The imperial capital proved a disappointment, for lack of proper letters of recommendation. Still, his Viennese efforts were important for the later development of his career, because he met there Baron Joseph von Hammer-Purgstall, a famous scholar of Turkish history and literature, who encouraged him to intensify his Turkish studies.

Returning to Pest, he became a regular reader of the University Library, whose Chief Librarian kindly referred him to József Teleki, the first President of the Academy and founder of this Learned Society's Library. Then Vámbéry became a private tutor in Kecskemét. This period was decisive for his Oriental studies, as he started to learn Arabic, which also helped him to improve his Turkish and later he added Persian to his arsenal of languages by reading selected passages from Persian literature.

Галатаның ескі көпірі
Абдуллах ағайындардың фотосуреті,
1880 шамасы

The old Galata Bridge
Photo by the Abdullah bros., ca. 1880





Ая София
Гаспаро Фоссатти салған сурет, 1852 жыл

Hagia Sophia
Drawing of Gasparo Fossati, 1852

Империясының астанасында 1848 жылы төңкерістен қашқан мажарлармен сол уақытта танысып алған болатын. Олардың арасында Галата ауданында антиквариат ашқан Даниел Силади де бар еді.

Жерлестерінің қолдауы, тіл табысу қабілеті және оқытушы болып қызмет етуінің арқасында Вамбери үкіметтің және ықпалды зиялы қауымның өкілдерімен танысқан. Бұл байланыстар кейін Орта Азиядағы сапарының барысында да оған зор септігін тигізген. Ыстамбұлда өткізген төрт жылдың ішінде осман-түрік ауызекі тілін толық менгеруімен қатар, мұсылман түркі дүниесіндегі салт-сана, әдет-ғұрып, ереже-заңдар бойынша да терең білім алған. Қабаташ ауданына көшкеннен кейін жергілікті осман-түріктердің қатарына сіңіп кеткен. Ислам діні және шариғат бойыша да оқи бастаған. Танымал және құрметті мұғалім болып, Хұсейн Дайым пшаның үйінде Вамбериге Рашид әфенді (мырза) деп мұсылмаша ат қойған. Мұсылмандардың арасында соны қолданып жүрген.



Ыстанбұлдағы көшенің көрінісі
Абдуллах ағайындардың фотосуреті,
1880 шамасы

Street scene in Istanbul
Photo by the Abdullah bros., ca. 1880

I SHALL MANAGE SOMEHOW

Vámbery's long-cherished dream, an Oriental study trip was realized in 1857, thanks to the patronage of Baron József Eötvös and the financial support of the Academy. He reached his destination, Istanbul, by ship. In the capital of the Ottoman Empire, he soon came across many persons of the Hungarian emigration of 1849, among them Dániel Szilágyi who ran an antiquarian bookshop in the city's Galata quarter.

Supported by his fellow countrymen and due to his social skills and successful services as a language instructor, he soon found access to influential governmental and intellectual circles. Later, these connections have become decisive in the course of his Central Asian travel. During his four-year sojourn in Istanbul, he succeeded in mastering colloquial Ottoman-Turkish and obtained profound experiences in the customs, manners and social conventions of the Muslim-Turkish world. He moved to the Kabataş quarter, populated by Turks, and apparently became fully Turkish. He got permission to get systematic instruction in Islamic religion and law. As a recognized and popular teacher at the house of Hüseyin Daim Pasha, he was given a Turkish name, "Reşid Efendi" that he used later on during his travels.

Ғылыми жұмыстары Ыстамбұлда жарық көре бастаған: алғашқы кітабы *неміс-түрік сөздігі*. Одан бөлек мажар журналдарында жиі түркі әдебиеті аудармаларын жариялаған. Мажарлардың шыққан тегін, мажар тілінің тамырларын зерттеуге деген ықыласы да сол кездерде қалыптасқан. 1860 жылы Мажар Ғылым академиясы Армин Вамбериді хатшы мүшесі ретінде сайлаған. Пештке қайтқан уақытында Эмил Дежөфидің қолдауымен ұлы мақсатына, яғни Орта Азияға сапар шегуге дайындығын бастаған. Осы мақсаты туралы 1861 жылы шілде айының 29 күні қоштасу сөзінде Академияға былай баяндаған: «мажарлардың ежелгі ата-жұртын емес, тіл-білімінің айғақтарын іздеймін».

ИРАН (ПАРСЫ) ЖЕРІНДЕ

Вамбери Орта Азияға сапарына дейін және кейін Парсы елінде жалпы 13 ай өмір сүрген. Осы уақытта елдің ежелгі ескерткіштері мен шииттердің кесенелерімен де танысуға мүмкіншілігі болған. Бұл тәжірибесі жайында жеке бір кітап жазған.

Оны әсіресе түркі тектес халықтар және олардың тілі, әдебиеті қызықтырғанымен, кітапханасына көптеген парсы тіліндегі шығармаларын байқауға болады. Академияның Шығыс Жинағында

Персеполістің қалдықтары
Миклош Шаркөзидің фотосуреті

The Ruins of Persepolis
Photo by Miklós Sárközy



His scholarly activity also started in Istanbul. There, he published his first book, a German-Turkish dictionary, and frequently sent home translations from Turkish literature which appeared in Hungarian journals. His commitment to studying the origins of the Hungarian language also took a definite shape. In 1860 the Hungarian Academy of Sciences elected Ármín Vámbéry a Corresponding Member. Upon returning to Pest, he started to prepare for his great undertaking, the Central Asian journey, for which he procured the support of Emil Dessewffy, President of the Academy, and of the whole learned Society. He summarized his objectives in his farewell speech delivered to the Academy on 29 July 1861. As he told, “instead of the Magyars’ ancestral home we are looking for linguistic truth”.

ON PERSIAN SOIL

Before his Central Asian journey, and on the way back, Vámbéry spent altogether 13 months in Persia. He visited the ancient memorials of the country and the chief Shia holy cities. He wrote a separate book on his Persian experiences.

Though his interest focused on Turkic peoples and literatures, he still acquired many Persian books for his library. From among the Persian manuscripts in the Oriental Collection of the Library of the Academy, twelve came from his bequest. These, however, were not bought by him when in Persia, or deliberately collected by him, but had come to his possession as special gifts meant for the already well-known scholar.

Армин Вамберидің
Персеполістегі
жазуы
Мажар Ғылымдар
Академиясы
Кітапханасы Шығыс
Жинағы, Лайош
Лигетидің мұрасы


Inscription by
Ármín Vámbéry
in Persepolis
LHAS, Oriental
Collection,
Lajos Ligeti bequest





Лакпен боялған мұқаба
(Иранның Қажар дәуірі, 19 ғасыр)
Мажар Ғылымдар Академиясы Кітапханасы
Шығыс Жинағы, Ms Perzsa F.14

Lacquered book cover from
the Qājār period (19th c.)
Manuscript of the book
Majma'-i Mahmūd
LHAS,
Oriental
Collection,
Ms Perzsa
F.14



Армин Вамберидің Йозеф Өтвөшке
жазған хаты, Персеполис, 1862 жылы
Мажар Ғылымдар Академиясы
Кітапханасы Шығыс Жинағы, 707.887

Letter by Ármin Vámbéry to József Eötvös, Hungarian
writer and statesman, from Persepolis, 1862
LHAS, Oriental Collection, 707.887

сақталған парсы колжазбаларына оның мұрасынан 12 кітап қосылған. Бұларды Парсы еліндегі сапары барысында әдейі жинап сатып алған емес, алайда әйгілі ғалым болғаны үшін оған тарту етіліп, сыйлық ретінде қолына тиген.

ДӘРУІШТІҢ ЖЫРТЫЛҒАН КИІМІНДЕ

Мажарлардың шығыстағы тамырларын іздеуге Юлианус монах (13 ғасыр) және Шандор Чомадан (19 ғасыр) басқа еш мажар ат салысқан емес. Вамбери болса мажарлардың ата жұртын іздеуге емес, түркі және мажар тілдері арасындағы байланыстарды зерттеуге Орта Азияға сапар шеккен.

Істамбұлда ұзақ уақыт дайындалып, 1862 жылдың наурыз айында кемемен Қара-теңіздің жағасындағы Трабзон қаласына жеткен. Сол қаладан сапарын ары қарай жаяу жалғастырып, Тегеранға шілде айында жеткен. Орта Азиядағы болған кезде саяси дағдарыстардың жағдайынан біраз уақыт сол жерде қалған. Ақыр-түбі 1863 жылы наурыз айының 22-сінде негізгі мақсаты болған жерлерге жол тартқан.

IN A RAGGED DERVISH CLOAK

The quest for the Magyars' Oriental roots has occupied quite a few Hungarians since Friar Julian (d. ca. 1237) and Alexander Csoma de Kőrös (1784–1842). As for Vámbéry, instead of looking for the ancient home-land, he went to Central Asia to study the interrelations and affinities between the Hungarian and Turco-Tatar languages.

After long preparations in Istanbul, he embarked on a ship and coasting along the shores of the Black Sea reached Trebizond (Trabzon) in March 1862. He continued on the mainland towards Tehran where he arrived in July. The uncertain political conditions prevailing in the region forced him to wait, and he could only start the trip towards his original destination on 22 March 1863.

Бұқарадағы базар көшесі, 1888 жылы
Мажар Ғылымдар Академиясы Кітапханасы Шығыс Жинағы, 766.818

Bazaar in Bukhara, 1888
LHAS, Oriental Collection, 766.818





Вамбери дәруіштің
киімінде
Эмилъ Баярдың суреті

Vámbéry dressed
as a dervish
Drawing by Émile Bayard

Vámbéry dervis illüstrében. (Fénykép után.)

Меккеге барып келген Шығыс-Түркістандық қажылардың тобына қосылып 80 түйемен 40 адам тасыған керуеннің арқасында Қарақұм шөлдерін өтіп Хиуаға жеткен, сол жерден сапарын Бұқара және Самарқанд қалаларына жалғастырған. Орыс Патшалығының отаршыл дәуірінің алдында (1865) Орта Азияны бұрынғы қалпын көрген соңғы Европалық адам еді.

Орта Азияға шетелден келгендерге күмәнмен қарайтындар Вамберидің ғылыми мақсаттарына жетуіне кедергі келтірген. Сондықтан ол осы сапарының барысында деректерді жасырын жазып алуға тырысқан.

Самарқандта қажы жолдастарымен қоштасып басқа бір керуенге қосылып Иранға қарай бет алған. Ират пен Мәшһәд арқылы 1864 жылы қаңтар айында Тегеранға келіп жеткен. Сәтті өткен осы сапарынан кейін Вамбери, Орта Азияға қызыққан елдердің саясаткерлері үшін таптырмас маманға айналған. Сонымен қатар саяхаты жайлы жазған кітаптары арқылы оқырман қауымға да танымал кісі болған.

He joined a group of pilgrims from East-Turkestan returning from Mecca, and as a member of this caravan consisting of some 80 camels and 40 travellers he crossed the Karakum Desert and got, via Khiva, to Bukhara and Samarkand. He was the last European who could observe this secluded world in its original state, before the Russian conquest.

Albeit he knew the vernaculars and local customs he aroused suspicion as a foreigner and this was a major handicap in his scholarly work. He could only write down his findings secretly, on rare occasions, but thanks to his excellent memory he managed to record his observations.

In Samarkand, he took leave of his fellow pilgrims and joined another group for the home journey. Through Herat and Mashhad, he arrived at Tehran at the end of January 1864. The experiences gained on his successful journey made him an important expert in the eye of politicians having interest in the region, and through his travel reports, he became well-known to the general public.



Орта Азиядағы сапарынан
қайтқан Вамберидің ательеде
түсірілген фотосуреті
Тегеран, 1864 жылы
Роберт Вамберидің мұрасы

Studio shot of Vámbéry, upon
his return from his Central Asian
journey, Tehran 1864
Robert Vambéry bequest



Бўқарадағы Боло-хауз мешіті

The Bolo Hauz mosque in Bukhara
Cat. Stein LHAS, Photo 27

Армин Вамберидің Құран кітабының бірінші бетінде қойылған қолы
 Мажар Ғылымдар Академиясы
 Кітапханасы Шығыс Жинағы,
 772.072



Flyleaf of Ármin Vámbéry's
 Koran with his autograph note
 LHAS, Oriental Collection, 772.072




Армин Вамберидің
 Орта Азиядағы
 сапарында қасында
 алып жүрген Құраны
 Мажар Ғылымдар
 Академиясы Кітапханасы
 Шығыс Жинағы, 772.072

The Koran of Ármin
 Vámbéry which
 accompanied him through
 his Central Asian journey
 LHAS,
 Oriental Collection, 772.072

ОРТА АЗИЯДАҒЫ ОЛЖАЛАРЫМ

Вамбери сапарына дайындалып жүргенде Ыстамбұлдағы Орта Азиялық түркі қолжазбаларын, әсіресе Орта Азияның әдеби түркі тілін (оны Шағатай-түркі тілі деп атаған) үйрену мақсатында зерттеген. Сапарында дәруіш (диуана) болып жасырынып жүргендіктен ғылыми зерттеу жасауға мүмкіндігі аз болған. Діни тақырыптан тыс кітаптарды сатып алатын болса айналасында күдік туындауы мүмкін еді. Сондықтан Хиуа мен Бұқараның кітап базарларында бір-екі ғана қолжазбаны сатып алып үлгерген.

Сол кезде Еуропада сейрек кездесетін Шағатай-түркі қолжазбалары кейін Вамберидің филогология және лингвистика саласындағы жұмыстарының негізі болған. Орта Азиядан әкелінген осы қолжазбалар бүгінгі күнде Мажар Ғылым Академиясының Шығыс жинағындағы түркі кітаптары сөресінде сақтаулы тұр.



Бірінші сөзінен Абышқа деп аталған Шағатай түркі қысқаша сөздіктің қолжазбасы
 Мажар Ғылымдар Академиясы Кітапханасы Шығыс
 Жинағы, Ms Türkü O.386

Manuscript of *Abuşka*, a Chaghatai-Turkish vocabulary
 LHAS, Oriental Collection, Ms Török O.386

MY CENTRAL ASIAN TREASURES

When preparing in Istanbul for the big journey, Vámbéry started to study Central Asian Turkic manuscripts, mainly to familiarize himself with the Chaghatai-Turkic language (predecessor to modern Uzbek). His begging dervish incognito not only hindered him in his scientific work but also limited the number of nonreligious books he could buy without making himself conspicuous. So, he could only purchase a few manuscripts in the book markets of Khiva and Bukhara which he greatly treasured.


A great part of these Eastern Turkic manuscripts was unique in Europe at the time, and later formed the basis for Vámbéry's text editions. The specimens, which reflect the characteristic of book art tradition of Central Asia, now enrich the Turkish collection of the Library of the Hungarian Academy of Sciences.

МЕНИҢ ҚЫПШАҚ ЖОЛДАСЫМ

Қоңыраттан (Қарақалпақстан) шыққан Ысақ молла (1836-1892 жж.), Шағатай Ысақ (Вамбери солай атаған) 1863 жылдың маусым айында Хиуада Вамбериге ілесіп Самарқандға бара жатқан қажылардың тобына қосылған. Рәшид (Вамбери) оған ерекше әсерін тигізген. Соңында Ысақ молла Бұдапештке келіп жаңа ісін бастаған. Мажар тілін үйреніп Ғылым Академиясының кітапханасында жұмыс істеген.

Кейінірек Вамберидің ғалым досы – Арон Силади протестант поптың Халаш қаласындағы үйінде тұрған (Кіші Қыпшақ ауданы). Екеуінің арасында жазылған хаттарда молла жөнінде көп сөз қозғалғанын байқауға болады.

Оның Арань Яноштың «Ғажайып бұғы туралы аңыз» деген өлеңін шағатай-түркі тіліне аударғаны да мажар тілін жақсы меңгергенін дәлелдейді. Вамберидің қасында аудармашы болып жүрген. Үйленіп балалы-шағалы да болған, бірақ дінін ауыстырмаған. Ысақ қайтыс болғанда (1892) Вамберидің көмегімен өзі мекен тепкен шағын мажар қаласындағы протестант зиратына мұсылманша жерленген.



Арань Яноштың «Ғажайып бұғы» дастаны
Шағатай Ысақтың түркі аудармасында
Мажар Ғылымдар Академиясы, Қолжазбалар,
Nyt. 4r 147/2

Ishak Chaghatai 's translation to Uzbek of
János Arany's epic poem, *Legend of the miraculous deer*.
LHAS, Department of Manuscripts, Nyt. 4r 147/2

Шағатай Ысақ пен
Армин Вамбери
Якаб (Якопо)
Марастонидың
лиитографиясы
Мажар Ғылымдар
Академиясы
Кітапханасы Шығыс
Жинағы, 707.887

Ishak Chaghatai and
Armin Vámbéry
Lithography by
Jacobo Antonio Marastoni
LHAS, Oriental Collection,
707.887



MY TATAR FRIEND

Mullah Ishak (1836-1892), or, as Vámbéry called him, Ishak the Chaghatai, who was born in Kungrad (now in Uzbekistan,) met Vámbéry in Khiva in July 1863, in the caravan of Meccan pilgrims heading to Samarkand. The young man felt attracted to Vámbéry and decided to stay with the Hungarian traveller. In Budapest, he started a new life: he learned Hungarian, and was employed by the Academy as a library assistant. Later he went to Kiskunhalas, to Vámbéry's friend Áron Szilády a scholar of Hungarian-Turkish historical relations. In his letters to Szilády, Vámbéry frequently mentions "his mullah". After returning to Hungary, Vámbéry was pleasantly surprised to see how quickly Ishak adapted himself to his new environment both in his clothing and conduct.

Ishak's knowledge of the Hungarian language is illustrated by his translation into Uzbek of the great Hungarian poet, János Arany's epic poem, the *Legend of the miraculous deer*. He was of great help to Vámbéry as a "living dictionary". He founded a family, had children, but never abandoned his Islamic faith. When he died, Vámbéry arranged for him a Muslim funeral in the small Hungarian town where he lived.



Фәрәж бад әш-шиддә
Осман түрік ертегілердің жинағы, Эдирне, 1451
Мажар Ғылымдар Академиясы Кітапханасы
Шығыс Жинағы, Ms Török F.71

Ferec bad eş-şidde
After rain sunshine.
Manuscript of the classic Turkish collection of tales,
Edirne, 1451.
LHAS,
Oriental
Collection,
Ms Török
F.71



Махмұд
Тәржұман:
Тарих-и
Унгурус
Түрік
тіліндегі
Мажарстан
Тарихының
қолжазбасы,
1543 шамасы

Мажар Ғылымдар Академиясы
Кітапханасы Шығыс Жинағы, Ms Török F.57

Mahmud Tercüman's *Tarih-i Üngürüs*
History of Hungary, manuscript of a chronicle in
Ottoman Turkish, from around 1543
LHAS, Oriental Collection, Ms Török F.57

ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНАН АЛҒАН ОЛЖАЛАРЫМ

Вамбери шығыстану зерттеулерінде түркі тектес тілдер және түркі әдебиетіне ерекше назар аударған. 19-ғасырға дейін түркі әдебиетінің және тарихының кейбір үлгілері ғана баспадан жарық көрсе, көпшілігі қолжазба ретінде ғана жазылған еді.

Вамбери Ыстамбұлдағы кітапханаларда алғаш осман-түріктерінің қолжазбаларын қолға алып, мажарларға тиісті жерлерін аударып, Мажарстандағы журналдарда жариялаған. Бірінші қолжазбаларын көбінесе Даниел Силади арқылы алғаны туралы тұжырымдалған, бірақ көбінесе қолжазбалар оған сыйланған немесе өзі сатып алған. Қолына тиген – олардың арасында аса құнды және ерекше – қолжазбаларды көзінің тірісінде Ғылым Академиясына сыйлаған.


Түркі-мажар қатынастарына пайдалы деректерді мажар ғылымында қолдануға тырысқан. 1885 жылы Ыстамбұлда қайтыс болған Даниел Силадидің құнды қолжазбалар жинағы да оның тікелей атсалысуымен Ғылым Академиясының кітапханасына енген. Вамбери кейінірек бұл жинақты өзінің еңбектерімен де толықтарған. Сонымен қатар 60-қа жуық шығыс қолжазбаларын, көбінесе осман-түрік кітаптарын қорға қосқан.

MY RELICS FROM THE OTTOMAN EMPIRE

Turkish languages and literature occupied a central place in Vámbéry's Oriental studies. Until the end of the 19th century only a small fraction of Turkish literary and historical texts was available in print, the majority could only be studied in manuscript form. Vámbéry's first encounters with hand-written Ottoman-Turkish historical sources were in the libraries of Istanbul. He translated some relevant excerpts and published them in Hungarian periodicals. He obtained the first manuscripts in his collection from his book-seller friend, Dániel Szilágyi. Later in his career he was given many other volumes as gifts and also purchased several more. From his own collection, he donated in his life quite a few to the Academy, including priceless, unique specimens.

As he was convinced that the source material documenting Turkish-Hungarian relations should be kept and studied in Hungary, he offered his good offices to the Academy to obtain the valuable manuscript collection of Dániel Szilágyi (who died in Istanbul in 1885) for its Library. This material was later enriched by Vámbéry's own bequest, consisting of some sixty Oriental, predominantly Ottoman-Turkish manuscripts.

Жамасп-нама
Вамберидің қолы қойылған түрік тіліндегі
дастанның қолжазбасы, 16-ғасыр
Мажар Ғылым Академиясы Кітапханасы
Шығыс Жинағы, Ms Török Qu.67



Catasp-name
Turkish heroic epic from 16th c.,
manuscript with Vámbéry's note.
LHAS, Oriental Collection, Ms Török Qu.67



ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА

Вамбери Арминнің мансабы Ғылымдар Академиясында жоғарылай берген. 1860 жылы ол Венгрия Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, ал 1876 жылы қатардағы мүшесі болып сайланды. 1893 жылы ол ешқандай қиындықсыз құрметті мүшелікке ие болған және бір жылдан кейін Басқарма мүшелерінің қатарына ұсынылған. Ғылым Академиясының атынан халықаралық шығыстану конференцияларына жиі қатысып тұрған. Ол қайтыс болғанға дейін Академияның тұрақты комитеттерінің бір бөлігі - лингвистикалық комитеттің мүшесі болған. 1869 жылы мажар тілінде жазылған «*ең мықты лингвистикалық кітап авторы*» деген құрмет көрсетіліп, оған Тешедик Шамуэл сыйлығы берілген. Мүше болып сайланғаннан бастап дүниеден өткенше Ғылым Академиясына өз жұмыстары және байланыстарымен адал қызмет еткен.

1910 жылы 3 қазан күні Ғылым Академиясының жалпы шешімі бойынша зерттеу мүшелігінің 50 жылдығы атап өтілген. 1910 жылғы 3 қазандағы Пленум оған мүшелігінің 50 жылдығына орай жазбаша құттықтау жолдауға қаулы шығарған. 1913 жылы 13 қыркүйекте қайтыс болған. Ғылым Академиясының бас-хатшысы Вамбериді былай деп жазып еске алған: «*ол география, этнография және ежелгі түркі*



Мажар Ғылымдар Академиясының ғимараты / Адам Словиковски
Мажар Ұлттық Мұражайы, Тарихи Суреттер Галериясы

The building of the Hungarian Academy of Sciences / Adam Slowikowski
Hungarian National Museum, Historical Picture Gallery, T. 2869



Мажар Ғылым Академиясының
альбомы үшін түсірілген
Вамберидің суреті
Мажар Ғылым Академиясы,
Қолжазбалар, Ms 10.206/151

Vámbéry's photo in the Album
of the members of the HAS
LHAS, Department of Manuscripts,
Ms 10.206/151

SCHOLAR AMONG SCHOLARS

Ármin Vámbéry had an uninterrupted academic career. He was elected Corresponding Member of the Hungarian Academy of Sciences in 1860, Ordinary Member in 1876. In 1893 he earned honorary membership without countervote, and a year after was promoted among the governing members. The Academy regularly nominated him to participate in the International Congress of Orientalists. Until his death, he had been a member of the Linguistic Committee, one of the Standing Committees of the Academy. In 1869 his linguistic study was found the best of the year and earned for him the Sámuel prize. From the day of being elected up to his last day, he did his utmost to serve the Academy's causes, either through his personal efforts or by making use of his connections.


